"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН 00440001616

№ исх: 03-18/3054 от: 14.07.2022

«НАЗАРОВ БИЖАН КОМЕКУЛЫ» ЖК

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» (*бұдан әрі - Департамент)* тарапынан, Сіздің 24.06.2022 жылғы №147850 санды өтінішіңізге сәйкес, «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (*бұдан әрі-Ұйымдастырушы*) ұйымдастырылған №7683469-1 «Өрткеқарсы құралдарды/құрал-саймандарды/жабдықтауды (қауіпсіздік жүйелерінен басқа) техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер» ашық конкурстарының заңдылығына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіліп келесілер анықталды.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 9-бабының 1-тармағы, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Заңның 9-бабының 3-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының" (бұдан әрі - қағидалар) 238-тармағының 1 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы болып танылa алмайды), егер:

- *конкурстық құжаттамаға 8, 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы;*

Мемлекеттік сатып алу веб-порталының мәліметіне сәйкес, конкурстық құжаттамаға 7-қосымшада әлеуетті өнім берушілерге еңбек ресурысының болуы туралы келесідей біліктілік талаптары қойылған, атап айтқанда;

- *Наличие у сотрудников допуска к верхолазным работам и работам на высоте – 2 ед;*

14.07.2022 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

- *Подтверждающие документы на квалификацию мастера (зарядчика) огнетушителей не ниже 3 разряда, Сертификат БиОТ «безопасность и охрана труда», удостоверение по промышленной безопасности – 3 ед.*

Әлеуетті өнім беруші «Абсолют Строй Инжиниринг» ЖШС – нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған конкурстық құжаттамаға 11-қосымшасында жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестендіру мақсатында «Тұрсынбай Ерсайн Болатұлы» мәлімделгені анықталды.

Алайда, әлеуетті өнім беруші «Абсолют Строй Инжиниринг» ЖШС – нің конкурстық өтініміндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтерінде *(Конкурстық құжаттамаға 11-қосымша)* мәлімделген еңбек ресурстар бөлігіндегі *«Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың нөмірі мен берілген күні көрсетілсін, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін)»* графасы толық емес ұсынылған, яғни жұмысшы «Тұрсынбай Ерсайн Болатұлы» біліктілік туралы құжаттардың нөмірі мен берілген күні көрсетілмеген.

Сонымен бірге, әлеуетті өнім беруші "NCC" ЖШС – нің конкурстық өтінімінде сәйкес бұзушылықтар орын алған.

Осылайша, қағиданың 238 тармағын бұза отырып, конкурсной комиссиямен әлеуетті өнім берушілер «Абсолют Строй Инжиниринг» ЖШС, «NCC» ЖШС конкурстық өтінімдері конкурсқа қатысуға негізсіз түрде жіберілгені анықталды.

Сонымен қатар, ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады

Департамент басшысының
орынбасары **О .Ажибеков**

Орын: ✍: А.Адилханов
☎: 8-7252-35-00-35